



A

O

I

O

A

T

# ТАЛЫС

3.

Ендігі томда сахнаға қайтадан Д.Әділев пен Ә.Байділдин шыққан. Онда 1930 жылы 12 желтоқсан күні Мұхтар Әуезовтің өз қолымен Голощекиннің атына жазылған хаты, 1931 жылғы 20 және 28 қыркүйек күнгі қосымша жауаптарының хаттамалары, 1931 жылғы 29 қазан күнгі тергеушіге берген арызы тіркелген. Мұндағы көрсетінділердің дені ұзына мазмұны жағынан бірін-бірі қайталайды. Дегенмен де, әр сөздің астарын іздесе одан қазақ ұлтының тағдыры мен руханиятына қатысты шешуші оқиғалардың сорабын аршып алуға болады. Солардың ішінен «Алқа» әдеби үйірмесіне қатысты жауаптар нақтылана қамтылған. Тергеудің негізгі бағыты Ә.Байділдиннің: М.Әуезовтің Колчакқа, «Алашордаға», Ташкенттегі астыртын ұйымға, кеңес өкіметіне қарсы идеологиялық бүлдірушілік әрекеттеріне, көркем әдебиеттегі ұлтшылдық пікірді насихаттауына байланысты көрсетіндісіне орай қақпайлана жүргізілген.

Бұл – **«өз заманының сұрқылтайы»** (М.Әуезовтің сөзі) Ә.Байділдин мен М.Әуезовтің түрмедегі бетпе-бетсіз шарпысуы мен қарпысуы, еркіндіктегі еркін ойдың түрмедегі булығы. Күндері түрмеде өтіп жатқан «күндестердің» жоғарыдағы көрсетінділердің мәтініне орай салғыласуға пара-пар арбасуы соны аңғартады. А.Байтұрсынов пен М.Тынышбаев тобының тергеу ісін өзара ұштастыру бағытында тергеушілер Мәскеуден алдыңғы топтың ісін алдырып, ондағы көрсетінділерді кейінгі топтың мүшелерімен байланыстыруға тырысқан. Оған жарты жылдан астам уақыт кеткен. Өйткені, 1930 жылдың желтоқсанынан бастап 1931 жылдың қыркүйегі аралығында айыпкерлер сұрақ-жауапқа сирек тартылған, тіпті кейбіреулері мүлдем «ескерусіз қалған». Соның бірі – Мұхтар Әуезов.

Белгісіздік қашанда адамның жанын жегідей жеп, жүйкені тоздырады. Ал, түрме кімді де болса түршіктіреді. Сондықтан да, алты ай бойы сұрақ-жауапсыз отырған Мұхтар Әуезов өз тағдыры үшін алаңдап, тергеушілерге ресми мәлімдеме жасауға мәжбүр болды (Мұхамеджан Тынышбаевті және басқаларды айыптау туралы №06610 іс, I том, 602-605 беттер). Бұл мәлімдеме М.Әуезовтің барлық жауаптарының жиынтығы есепті және Голощекинге жолданған хатпен мазмұндас, оның түрмеде ұстанған бағытын анық танытатын болғандықтан да, ішінара анықтамалық сыпаттағы түсінік бере отырып көрсетіндіні толық келтіреміз. Ал, «түрме тарихына» қатысты қалған «идеологиялық әфсаналық салыстыруларды» өзге жауаптарға орай жүргіземіз. Сонымен, тұжырымдала баяндалған **Мәлімдеменің** мазмұны төмендегідей:

«ПП ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің

- Т.Ж.) тергеу істері жөніндегі прокуроры Столбов жолдасқа және ОСО-ның (ерекше тергеу бөлімінің) тергеушісі Попов жолдасқа тұтқын Әуезов Мұхтардан Мәлімдеме:

26/У- 31 ж. Алматы қаласындағы өкілетті уәкілдіктің (полпредства) жанындағы түрмеде қамауда жатқаннан бергі уақыттың ішінде сұрақ-жауап алуға мен бір-ақ рет шақырылдым. Бұл сұрақ-жауаптың кезінде Попов жолдас: менің жекелеген адамдардың көрсетуі бойынша тұтқындалғанымды, менің қандай әрекеттерім үшін ұсталғаным бұдан кейінгі тергеу барысында нақты көрсетілетінін мәлімдеген еді. Ташкенттегі тергеуші де менің қандайда бір нақты айыбымды ашып көрсетпеген болатын. Қазақстанның 10 жылдық мерекесіне орай өткен салтанатты мәжілістегі Голощекин жолдастың жасалған баяндамасында келтірілген Байділдин мен Аймауытовтың куәлігіне орай түсінік беруге шақыруын өтініп Попов жолдастың атына жазған арызым да ескерілмей, аяқсыз қалды».

Мұндағы сілтеме жасалып отырған жайлар, «Айыптау қорытындысында» қамтылған Голощекиннің салтанатты мәжілістегі баяндамасында айтылып, баспасөзге жарияланған:

«Тергеу кезінде Аймауытов: Екінші съезд кезінде тек қана қазақ уәкілдерінен тұратын кеңес шақырылғанын, оған Әуезов төрағалық жасағанын, ... онда отаршылдармен күрес туралы мәселе қаралып, ұлттық мүддені көздейтін шешім қабылданғанын мойындады  
», - деген сөзі.

Екіншісі, Ә.Байділдин дайындаған «Советская степь» газетіндегі:

«Колчактың тұсында, «Алашорданың» Шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше сол кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, Кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі...

», - деген әшкере пікір.

М.Әуезов (жалғасы): «Байділдин болса осы көрсетуінде маған қарсы ойдан шығарылған қисынсыз бірнеше айып тағыпты. Ол бір кезде баспасөз беттері арқылы жылдар бойы маған қарсы ашық түрде жапқан жаласы мен көкмылжың көкезу көпірмесін (насквозь демагогическую травлю) түрмедегі көрсетінділерінде одан әрі жалғастырып отыр».

«Ашық түрде жапқан көп жаласының» біреуін ғана келтіреміз.

Ә.Байділдин (жалғасы): «Бірақ та бұл екі оқиға (Сәдуақасовтың басмашыларға қосылуы туралы ойы мен менің мақалама байланысты жағдайлар) осы кездегі біздің - Әуезовтің, Сәдуақасовтың және менің іс-әрекеттерімізді толық айқындап береді. Әуезовтің сол кездің өзінде-ақ (21-жылдың қарашасы) ас-

**тыртын байланысы барлығын, дәлірек айтсақ, алашордашылардан қол үзбегендігі және контрреволюциялық жоспары болғандығы анық еді. Сәдуақасов екі ортада теңселіп жүрді де, алашордашыларға қарай бейімделе бастады, ал мен азды-көпті болса да партия ұйымының бағытын ұстадым».**

**М.Әуезов (жалғасы): «Оның әдебиет туралы мақалаларының барлығы тек қана бір-ақ мақсатпен – партияда жоқ әдебиетшілердің, оның ішінде менің есебімнен өзіне саяси бедел жинау үшін жазылды. Ол қысылып-қымтырылмастан-ақ, менің «Қаракөз» атты пьесамның сыйлық алуы: Сәдуақасовтың тамыр-таныстарының арқасы – деп жала жапқан болатын, шын мәнінде бұл сыйлықты құрамында Жандосов, Майлин, тағы да басқа мүшелері бар комиссия беріп еді. Ол өзінің баспасөзде жарияланған арандатуларында мен туралы сұрқылтайланғаны сондай, мен тек қана ақша үшін жазады дегенге дейін барды, сөйте тұра бірде-бір нақты деректі келтірмейді, әншейін, партияда жоқ Әуезов туралы не айтса да жарасады дегенді желеу етіп, сыпыра жамандап, жаттанды тұжырымдар жасайды».**

**Қазақ қаламгерлерін жанықтырып, қызыл кеңірдек дауды өршіткен 1925 жылғы 18 маусымдағы БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің «Партияның көркем әдебиет саясаты туралы» қаулысы. Соны жүзеге асыру барысында түрлі шаралар қолданды. Ал, бұл қаулының нәтижесінде – Қазақ Пролетар Жазушыларының Ассоциациясы құрылды. Соның нәтижесінде: пролетариатшыл – С.Сейфуллин мен С.Мұқанов; жолбикелер – Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, ұлтшылдар – М.Жұмабаев, М.Әуезов бастатқан жазушылардың жігі пайда болды. Сол екпінмен ұйымдастырылған сахналық шығармаларға арналған жабық конкурста «пролетариат әдебиетінің иісі де жоқ «Қаракөз» пьесасына Бас бәйге берілді. Бұл баспасөзде шулы дау-дамай туғызды. Бұл тұстағы Ә.Байділдиннің баспасөздегі байбаламын есепке алмай-ақ, жазушы С.Сейфуллин құрастырған «Құс жолы» атты жинақтағы Жұмабай Орманбайұлының «Қаракөз» атты мақаласының тек бәйгеге қатысты тұсынан үзінді келтірсек, мәселенің басы ашылады ғой деп ойлаймыз. «Саяси бағыты теріс, байлардың қиялы, солардың әдебиеті» болып табылатын «Қаракөзге» бәйге неге берілді?»**

**Ж.Орманбайұлы, («Қаракөз», «Құс жолы» жинағынан): «Пьесеге бәйге жарияланды. Бәйгенің басына комиссия сайланды. Сонда біздер шет қалаларда жатып: «Бәйгені Мұхтар, Жүсіпбектер алады», – дедік. «Комиссия оларды жақсы біледі. Оларға бәйге шапса да, шаппаса да береді. Олар бәйгеге кітап жазарда бәйгені алатын болып комиссиямен келісіп жазады; басқалар бәйгеге түсіп әуреленбесе де болады», – дедік. Осыны айтушы жолдастардың осы күні бәрі тірі, «Қызыл Қазақстан» журналында бір жолдас: «Бәйгенің қарақшысы – пролетариат үстемдігі. Кімде-кім бәйгеге**

түсетін болса – сол қарақшыны көз алдынан кетірмей, нысана қылып жазсын. Сонда ғана бәйгеден келеді. Ол нысананы көрмеген, білмеген жортақыларға бәйгені бермеу керек»,– деді. Анығында осы жолдастыкі дұрыс еді. Бірақ жоғарыдағы сәуегейлердің пікірі де далаға кеткен жоқ. Өтірік болса – айтушының жаны шықсын. Бәйгеге түскен 30 кітап қаралмай қалып, Мұхтар «Қаракөзді» жаза салып, бәйгені алды. Бәйге емес, комиссияның жай бере салған ақшасын алды. «Қаракөз» басылып шықты, сахнаға қойыла бастады. Көргеннен кейін көруші жұрт: «Бәйгені «Қаракөз» алған жоқ екен, Мұхтар алған екен! Мұхтардың сүйкімділігі алған екен!»,– десті. Осыны айтушылар да тірі. Әлі де айтады... Пролетариат қарақшысының басында отырғандар, «Қаракөзді» байлардың қарақшысына шауып келсе де бәйге берді. Бұл арада комиссия өте қателесті. Қателескенде, – әдейі қателесті. Бәйгені емес, Мұхтарды сыйлап ақша берді. «Қаракөзге» бәйге бердік дегенге ұялмаған комиссия мүшелерінің беттерінің қалыңдығын айтсаңдаршы. Болмаса – ұялмақ түгіл өліп қалатын жұмыс қой»,– деп жазды. Сол бәйгеде бірінші, екінші орын алған Мұхтардың «Қаракөзі» мен Жүсіпбектің «Шерниязынан» шоқтығы биік туынды әдебиет тарихына әзірге белгісіз.

М.Әуезов (жалғасы): «Тіпті баспасөз бетінде маған қарсы ешқандай негізсізден негізсіз шабуыл жасап, қуғындаған адамның өзі әшкереленіп, қара бет болғаннан кейін, әрине, қиялына ерік береді, өзінің іс-әрекетін ақтау үшін жалғыз-ақ жол қалғанын біледі, ол – өзі қуғынға ұшыратқан адамдардың үстінен жала жабу, қаралау, контрреволюционер еді-міс, қазақ буржуазиясының көсемі еді-міс деп кінә тағу деп түсінетіні анық».

«Қарсы барлаушы» Ә.Байділдиннің бұл «тәсілі» құпия мекемеге де мәлім болыпты. Тергеушілердің Ә.Байділдинге берілген:

«Осындай міңкілшілдердің қатарына баспасөз бетінде Байтұрсынов пен Дулатовты жиі сынап жазатын сыншы Байділдинді қосуға болады. Астыртын контрреволюциялық ұйымның жетекшілерінің бірі бұл адам туралы: «...Байділдин күндіз Байтұрсыновты сынайды, ал кешке қарай Байтұрсыновтың және тағы басқа да алашордашылардың құпия жиналысына қатысады» – деп көрсетті

»,– деген мінездемесі соған дәлел.

М.Әуезов (жалғасы): «Маған қаратыла қолданылған мұндай теңеулердің әділетсіз әрі оған мүлдем сенуге болмайтынын мен өте жақсы білемін. Өйткені мен ешқашанда контрреволюционер болғамын да жоқ, болмаймын да. Менің идеологиялық тұрғыдан алғанда ұстамсыз жазылған шығармаларым болды, алайда контрреволюционер болатындай, кеңес құрылысын жоққа шығаратындай дәрежеде жазылған бір де бір шығармамды ешкім атай алмайды. Ал менің 1928 жылдан басталған оқытушылық және

**ғылыми-зерттеу жұмысымның негізі толықтай қалыптасқан маркстік көзқарасқа құрылды».**

Ә.Байділдиннің ««Алашорда әдебиетшілерінің идеологиялық ықпалы» туралы» 12 парақ (24 бет) сыни пікірінен: «...1922 жылдан бастап «Алашордашылар» көркем әдебиетке ерекше көңіл бөлді, ескі әдебиеттің үлгілері, пьесалар, өлеңдер, әңгімелер, фельетондар т.т. олардың көзқарастарын көпшілікке таратудың таптырмайтын тәсілі болды (бұл туралы толығырақ айтылған 25/ҮІІ – 1/ҮІІІ – 29 аралығындағы және 23.Х. 29 ж. күнгі көрсетіндімді қараңыз). Ахмет Байтұрсынов жазушыларды бұл майданға белсене қатысуға шақырып: «Қазақ жазушылары өзінің шығармаларында қазақ ұлтының мүддесін қорғау керек», – деп үндеу тастады («Партия» (?) журналының 1920 жылғы №5-6 санында жарияланған «Ложка дегтя в бочке» атты мақаладан алынған қиындыны қараңыз). Сол үндеуге қосылған М.Әуезов пен Д.Т.Ысқақов өздерінің 1923 жылғы мақалаларында («Шолпан» мен «Сана» журналдарының 1923 жылғы сандарындағы олардың сын мақалаларын қараңыз) әдебиет мәселелерін ұлтшылдық тұрғысынан түсіндірді. Аймауытов, Кемеңгеров, Сәрсенбин де 1924-1925 жылдары жазған мақалаларында («Ақжол» газетінің 1924-1925 жж. тігіндісін қараңыз) тура сол жолды ұстанды. Алашордашыл бұл жазушылар өздерінің осы мақалаларында әдебиет мәселелерін ұлтшылдық тұрғыдан талдап қана қоймай, коммунист жазушыларды (Сейфуллинді, Мұқановты...) үнемі мұқатып отырды...».

Бұл айғақтардың мақсаты мен мазмұны түсініктемесіз де түсінікті шығар деп ойлаймыз.

М.Әуезов (жалғасы): «Қандайда бір нақты саяси қылмыс жасағаным туралы күдік те, ол туралы жүргізіліп жатқан тергеу ісі де мені бұған сендіре алмайды. Менің үстімнен тергеу жүргізуге тек қана Байділдиннің ойдан шығарған жаласы жеткілікті болады деп ойламаймын. Сондай-ақ, 1921 жылғы Бүкілқазақстандық ІІ съездің тұсында тек қана қазақ қызметкерлерінің басын қосқан мәжілісті өткізді деген мен туралы айтылған Аймауытовтың сөзі де (Голощекин жолдастың жоғарыда көрсетілген сөзінде келтірілген), жауабы да шұғыл түрде анықтауды қажет етеді (*Бұдан кейінгі төрт жол қарындашпен танылмайтындай етіп өшіріліп тасталған – Т.Ж.*)».

Әбдірахман Байділдин «1921 жылғы Бүкілқазақстандық ІІ съездің тұсында тек қана қазақ қызметкерлерінің басын қосқан мәжілістің» мәнісін былай түсіндіреді.

Ә.Байділдин (жалғасы): «...М. Әуезов аса маңызды мәселелерді талқылау үшін съезге келген барлық қазақ уәкілдерін төтенше жиналысқа шақырып, төтенше жиналыстың қайда, қай уақытта өтетінін хабарлады. Уәкілдердің барлығы да айтылған мезгілде жиналды. Тек Меңдешев, Мырзағалиев сияқты, тағы да басқа

жауапты қызметкерлер ғана жайбарақаттық танытты. Олар арнайы шақыру жіберілгеннен кейін барып келді. Жиналысты М.Әуезов ашып бас қосудың мақсатын түсіндірді. Ол: «Біз жергілікті жерлердегі, әсіресе, қазақ тұрғындары арасындағы жағдайдың хал-ахуалы туралы өзара пікір алысып, соның негізінде жалпы шешім қабылдау үшін жиналды», – деді. Мәжілісте: жергілікті жерлердегі жағдайлар туралы мағлұмат тыңдалды. Әрбір уәкілдіктер өздерінің арасынан шешендерді алға шығарды, олар жиналған жұртқа тұрған жерлеріндегі хал-ахуалды баяндады. Алғашқы мағлұматты Әуезов жария етті. Ол Семей Губерниясындағы, оның ішіндегі қазақ ауылдарындағы жұмыстың самарқаулығына тоқталды. Қазақстанның кейбір губернияларына төніп келе жатқан аштық қаупі барын ескертті. Жергілікті жерлердегі жағдайды күдер үздіре суреттей келіп, Әуезов: «Мұның барлығы алдымен өзіміздің самарқаулығымыздан, салақтығымыздан, тәжірибе бөлісудің жоқтығынан, ең бастысы – отарлаушылардың кедергісі мен бүлдіруші әрекетінен болып отыр», – деп тұжырым жасады.

Бұдан кейін өзге губерниялардың хабары тыңдалды. Олардың барлығы Әуезов баяндаған жағдаймен астасып жатты. Олар істің өте нашар жүргізілетіндігін айтып шағынды. Сондықтан да өкілдердің сөзінде тың пікірлер өте аз болды. Тек Меңдешев қана өзгеше ұсыныс енгізді. Ол:

«Жергілікті жерлердің өкілдерінің пікірлерін қостаймын. Отарлаушылардың жұмыс істеуге кедергі келтіретіні де рас, бірақта жергілікті ұлтшылдардың да тосқауылы жайында тіс жармағандарыңызды да мақұлдамаймын»,

– дей келіп, осы мәселені жиылыс қортындысында атап өтуді ұсынды. Бұған кейбіреулер қарсы шықты, бірақ та ол көпшілік дауыспен қабылданды. Сөйтіп, тиісті тұжырым жасалды. Әуезов жиналысты кіріспе сөзінің рухындағы сарынмен қорытты».

М.Әуезов (жалғасы): «Тергеу ісінің аяқталып келе жатқанына қарамастан менің тұтқындалуыма себепші болған нақты әрекетім туралы бір ауыз сөз естімеуіме, сондай-ақ түрмеде осыншама ұзақ уақыт қамауда отыруыма байланысты мені сұрақ-жауапқа шақырып, мені жазаға тартқан оқиғаның мәнісін көрсетуіңізді сұраймын. Мұхтар Әуезов».

Мұхтар Әуезовтің бұл жолғы мәлімдемесі барынша батыл әрі сенімді түрде баяндалған. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді». Алғашқы кездегі көңілдің алабұртқаны мен алаңдауы басылып, енді тікелей шарпысу мен қарпысуға бекіген сыңайы танылады. Тергеушінің «жекелеген адамдардың көрсетуі бойынша тұтқындалғанын» меңзеуі – олардың арасына сенімсіздік тудырып, өзара кінәластыруды қарастырған аярлық екендігін Мұхтар да түсінген. Голощекиннің баяндамасындағы Жүсіпбек Аймауытов арқылы «әшкереленіп шығуы» сондай айла екендігін де аңғарған. Берілген жауаптар да соны растайды.

Оқиғаның барысына қарай екеуі бірінің атын бірі атағаны болмаса, жастық шақтан басталған достық көңілдеріне шіркеу түсіретіндей жаңсақ жала мен әбес сөз айтпаған. «Аймауытовтың сөзі де, жауабы да шұғыл түрде анықтауды қажет етеді»,– деп уәж айту арқылы Мұхтар тергеушілердің бопсасының бетін қайырып тастаған. Мүмкін, қарындашпен батырыла сызылған төрт жолда ет қызуымен жазылып, іле суынған сәтте өшірілген емеуірін сөздер болған да шығар. Біз парақты күнге қаратып, жазудың ізін сораптағанымызда «ұлтшылдық» деген сөздің бұлдырын аңғарып қалдық.

Мұхтар Әуезов өзінің 1931 жылғы 26 мамыр күнгі көрсетіндісінде айтылғанындай, «тергеу ісі аяқталып келе жатқан жоқ», қайта екінші тыныс алып еді. Мамыр мен қыркүйек айларының аралығында «Айыптау қорытындысын» дайындау үшін тергеушілер үкімі шығарылып, Мәскеуге бекітуге кеткен «Қазақ ұлтшылдарының...» тергеу ісін алдырып, онымен толық танысып шығып, айыпталушылардың бұрын «ұмытып» кеткен, не қамтымаған жайларын қайтадан «естеріне түсіріп», тергеуді жаңа бір қырынан жүргізеді. Бұл жолғы сұрақтардың «деректері» алдыңғы істен көшірме ретінде, яғни, бұлжытпайтын айғақ есебінде алынған. Сондықтан да, әр жауапқа қысқаша ғана тоқталып, сұрақ ретінде ұсынылған көрсетіндіден үзінді келтіріп, сол оқиға баяндалған бірінші кітаптағы тарауды көрсетумен ғана шектелеміз.

«1931 жылдың 20 қыркүйек күнгі айыпталушы Мұхтар Әуезовтен алынған қосымша тергеу сұрағының хаттамасы:

«Ташкентке мен 1922 жылдың желтоқсан айында келдім, сол жылдан бастап «Шолпан» журналының редакциясында қызмет істей бастадым. Мен Ташкентте өз таныстарымның ішінен «Шолпан» журналында істейтін тек Мағжан Жұмабаевті ғана кездестірдім. Бұрынғы алашордашылар туралы көпшілігі, оның ішінде Жұмабаев та теріс пікірде болды. Ал, менің өз жеке басым бұрынғы алашордашылармен ешқандайда ортақ мүддем болған жоқ. Бұрынғы алашордашылар Жұмабаев екеумізді жақтырмайтын, «жазғыштар» деп кекететін».

Әрине, «Алашордамен» байланысын жоққа шығаруы заңды. Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев та олар туралы дәл осылай жауап берген («Абылайша тіккен ақын» тарауын қараңыз).

Д.Әділев (жалғасы): **«1923 жылы күзде Ташкентке қайтып келіп Қазақ комиссиясы мен Оқу-ағарту институтына оқытушы, біраз уақыт директор болып істедім. Ұйымға қайта мүшелікке алындым. Оның жаңа құрамында Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаев болды-ау деймін. Ташкентте мен оқу-ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми орталық пен қазақ ағарту институтына оқытушы боп орналастым. Онда Досмұхамедов, Әубәкір Диваев, Жұмабаев, Жандосов, Соколовский, Мұхтар Әуезов жұмыс істейтін. Мұхтар оған**



дейін Орталық комитеттің Президиум мүшесі болған» (бірінші кітаптағы «Дала қашқыны» тарауын қараңыз)».

М.Әуезов (жалғасы): «Ташкентте ұйымдастырылды-мыс делінетін астыртын ұйымға мүше болуды былай қойғанда ол жөнінен мүлдем хабарсызбын, естігемін де жоқ. Мені астыртын ұйымның мүшесі болды деп көрсеткен Әділевтің көрсетіндісі мүлдем жалған. Өйткені мен ешқандай ұйымға кірген емеспін».

Бірінші кітаптың «Кәрі көсем» және «Бәйбіше – тоқал» трагедиясы» тарауларында Мәскеуде тұратын, жұмыссыз болғандықтан да қаржыдан қиналып жүрген Ә.Бөкейхановқа демеу ретінде ең жақын әріптестері қаржылай көмектесуді ойластырғаны барынша қамтылған. Олардың бұл мақсатын тергеушілер: «Астыртын ұйымның мүшелік жарнасын жинады»,– деп түсіндірген. Бұл сұрақ ату жазасына бұйырылған Х.Ғаббасовпен байланыстырыла М.Әуезовке де қойылды.

«Х.Ғаббасовқа тергеушінің берген сұрағы: **Тағы кімге көмек бердіңіз?**

Жауап: **Әуезовке 70-80 сом аудардым. Одан қаражатқа өте қат боп жүргені туралы хат алдым. Біз 10 теңгеден жиып бердік. Одан басқа ешкімге ақша бергемін жоқ.**

Сұрақ: **Сіздердің араларыңызда жер мәселесі туралы сөз қозғалды ма?**

Жауап: **Жоқ».**

М.Әуезов (жалғасы): «Ленинградта оқып жүрген кезімде ескі танысым, менімен ауылдас семейлік Халел Ғаббасовқа қаражат жағынан қысылып жүргенімді ескеріп, ақшалай көмек көрсету туралы хат жазғаным рас. Оны кейін қайырып беретіндігімді де ескерттім. Бұл 1927 жылы болатын. Жаңа ғана үйленгемін, әйелім екеуміз Ленинградта тұрдық. Университеттің соңғы курсында оқитынмын. Ғаббасов маған 125 сом жіберді. Бұл менің Ғаббасовқа жеке өзімнің қайтарып беруге тиісті қарызым деп есептедім. Ұмытпасам Ғаббасов жіберген ақшаны 1928 жылдың басында алдым. Менің ол қарызымды Ғаббасовқа қайырудың реті келмеді. Студенттік жағдайда жүрген менің ақшам болмады. Ал мен Ташкентке келіп, қызмет істей бастағанда Ғаббасов тұтқынға алынды да, қарызымды қайтара алмадым. Ғаббасовтан қарызға ақша алғанда мен қайдағы бір ұйымның бар екенін, Ғаббасов ол ақшаны сол ұйымнан алғанын білгемін жоқ, бұл жөнінде ол хат та жазған жоқ, ауызша да айтпады. Егерде ол ақшаны таныстарынан жинаса, оны да маған айтқан емес. Мен өзімнің жеке танысым ретінде тек қана Ғаббасовтан ғана қарыз сұрадым, алған ақша үшін мен тек қана Ғаббасовтың өзіне қарыздармын деп ойладым».

Бұдан кейін алдыңғы ретте «Алқа» үйірмесіне байланысты Ж.Сәрсенбиннің көрсетіндісіне орай берілген жауабы келтірілген. Ташкенттегі «ақтардың «Ақ жолы» атанған басылым да назардан тыс қалмаған.

М.Әуезов (жалғасы): «**Ақ жол**» газетіне менің қатысым аз, тек бір-ақ рет «**Кім кінәлі**» атты әңгімемді жариялады. Мен негізінен «**Шолпан**» журналында қызмет еттім».

Бұдан кейін Мұхтар мен оның «**заман сұрқылтайы**» **Әбдірахманның** көрсетінді жүзінде, яғни, ақ қағаздың бетіндегі шарпысулары басталады. Байділдиннің «Қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымы жөніндегі іске» байланысты:

«25/ҮІІ-І/ҮІІ №-1929 жыл. Мен өзімнің бір жолғы көрсетіндім арқылы сәдуақасовшылардың бүкіл тарихын толық айтып шыға алмаймын. Оған қазір қажетті жағдай жасалмай тұр, ең бастысы, керекті құжаттар қолымызда жоқ. Мен бұл арада осы ағымның бұрынғы жақтаушысы есебінде оның жалпы даму сатысының нобайын түсіремін және өзімнің есімде қалған кейбір деректерді айтып беремін. Сонымен қатар, кезінде дос-жарандарымнан естіген деректерді де пайдаланамын, әрине, ол деректердің дәлдігіне кепілдік бере алмаймын. Сәдуақасовшылдық ағымы партияға қарсы бағыт ретінде ҚАСР-нің құрылған күнінен бастап ұйымдасусыз-ақ қалыптаса бастады... 1922 жылдың басында, мен қазақ өлкелік «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып жүрген кезімде, маған алашордашыл ұлтшыл Байтұрсыновтың нағыз контрреволюциялық бағыттағы бірнеше мақаласын жариялауға тура келді. Біз ол кезде ұлтшылдардың ықпалында жүр едік. Мұхтар Әуезов пен Смағұл Сәдуақасовтың ықпалымен мен көптеген ұлтшылдармен байланыста болдым. Әлі есімде, 1922 жылы Орынбор қаласында ұлтшылдардың кеңесі өтті», –

деп басталатын қырық және тоқсан беттік ұзақ-ұзақ «толғауларын» толықтай келтірудің еш мүмкіндігі жоқтығы түсінікті.

Тек оқырманды оқиғаның ішіне қайтадан кіргізу үшін ғана бұл үзіндіні алып отырмыз. Ал, оның психологиялық желісі бірінші кітаптың «**Жер жегісі**», екінші кітаптың «**Заманының сұрқылтайы**» тарауларында жеріне жеткізіліп баяндалған. Сонымен қатар, оқиғаны ретімен баяндау үшін М.Әуезовтің жауабының кейбір тұстарын Ә.Байділдиннің көрсетіндісіне қиыстырып ілгерінді-кейінді қайталап пайдаланамыз.

Ә.Байділдин (жалғасы): «**Х партсъезге арнап Байтұрсынов ұлт мәселесі жөнінде бағдарлама жазды. Байтұрсынов жасаған платформаның көшірмесі менің қолыма түсті, олар мұны ұлтшылдар мен коммунистердің арасына таратты. Бұл құжаттың көшірмесі өзге документтермен бірге Орал қаласында жоғалып кетті. Байтұрсынов жазған бұл платформаны маған не Сәдуақасов, не Әуезов берді. Платформаны жазған сол кездегі партия мүшесі Байтұрсынов. Маған, Байділдинге берілген жоғарыда айтылған құжатқа Сәдуақасовтың, Бөкейхановтың, Досовтың, Әшімовтің, Омаровтың және Байтұрсыновтың қолы қойылған болатын. Мендегі тура сол құжаттың көшірмесі еді. Бұл құжат партиялық ұстанымдарға қарама-қайшы келетін, ол құжат партия және кеңес**

құрылымында ұлттық көзқарасты жүзеге асыруға бағытталған. Кеңестердің екінші құрылтайы кезіндегі қазақ өкілдерінің алдында жасаған Әуезовтің баяндамасы осы платформаның негізіне құрылды».

М.Әуезов (жалғасы): «Партияның X съезіне арналып Байтұрсынов жасаған ұлтшылдардың көзқарасын білдіретін баяндама туралы ештеңе де білмеймін, Байділдин маған ешқандай мәлімет берген жоқ».

Ә.Байділдин (жалғасы): «Ташкенттен Иса Тоқтабаев пен Бариев деген біреу келді. Рысқұлов өзінің ұлт мәселесі жөніндегі тезистерін тықпалап жүргені есімде. XI немесе XII партия съезінің қарсаңындағы Өлкелік комитеттегі мәжілісте ол осы тезистерінің негізінде сөйледі. II партконференцияда менің де сөйлегенім есімде, менің сөзімді Авдеев Рысқұловтың жылжымалы тезисі деп бағалады. Бұл тезистер басшылыққа алу үшін партия мүшелеріне таратылып берілді».

М.Әуезов (жалғасы): «Ұлттық белгісіне орай Шығыс Өлкелік партия комитетін құру туралы ұсынысы жөнінде ештеңе білмеймін. Орынборда өткен Өлкелік комитеттің кеңейтілген мәжілісінде Рысқұловтың сөйлеген сөзін естідім. Алайда онда Күншығыс Коммунистік Партиясын құру туралы мәселе көтерілген жоқ. Ол мәселе жөнінде өз басым жарыссөзге шыққамын жоқ».

Ә.Байділдин (жалғасы): «Осы кезде кәдімгі, бірақ өте мәнді оқиға болды. Ташкенттен Мәскеуге кетіп бара жатқан Н.Төреқұлов, Г.Сафаров және С.Қожановтар жолай Орынбор қаласына тоқтады. Олар 12 партсъездегі партия бағдарламасының ұлт мәселесі жөніндегі жобасына толықтыру енгізуді талқылау мақсатымен қазақтың жауапты қызметкерлерінің кеңесін өткізді. Бұл кеңеске мен қатысқаным жоқ, ол туралы мағлұматты Әуезовтен естідім ғой деймін, сонда (кеңесте) қабылданған жобаның бір данасын да сол берді, Әуезов жобаны беріп тұрып: Бұл жобаның қарарын жасауға Ахаң да, яғни Байтұрсынов та белсене қатысты,- деді. Мұның бір данасы менің қағаздарымның ішінде бар. Бұл жобаның ішінде жергілікті ұлтшылдықтың күрес мүддесін қорғайтын бірнеше бап бар еді».

М.Әуезов (жалғасы): «Ұлтшылдық туралы мәселеге келсем, оның (Байділдиннің – Т.Ж.) мені жазғыратындай ешқандай айғағы жоқ, болуы да мүмкін емес. Өйткені оның өзі барып тұрған ұлтшыл болатын. Газетте жүргенде ұлтшылдық туралы онымен пікір алысатындай қажеттілік туған жоқ».

Ә.Байділдин (жалғасы): «Бұл мәжілісте талқыланған екінші мәселе – С.Сәдуақасовтың мәлімдемесі болды. Ол отарлаушылардың өзінің соңынан шам алып түскені және облыстық бақылау комиссиясының сергелдеңге салғаны туралы мәлімдеп, мәжіліске

қатысушылардың осы жөнінде пікірлерін білдіріп, тиісті көмек көрсетуін өтінді. Мәжіліс те қолдау керек деп шешім шығарды (Бұл жиналыстың протоколы менде сақталған еді, ГПУ тергеушілері алып қалды). Міне, бүкілқазақтық көлемдегі сәдуақасовшылдық осылай қалыптасты. Алайда осы бағыттың басты рухтандырушысы – С.Сәдуақасовты бұл шешім де қанағаттандырмады. Қанша өрекігенімен де съезден соң оның ұнжырғасы түсіп кетті. Өйткені ол, бұрынғыдай Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төралқасының мүшелігіне өтпей қалды және жауапқа тарту әрекеті жалғаса берді, өзін қанағаттандыратын үлкенді-кішілі қызмет орыны ұсынылмады. Осының барлығы жанына батып, не істерін білмей теңселді де жүрді. Күні бойы қабағын ашпайтын, ал кешке Әуезовтің бөлмесінен шықпай, онда ұзақ отыратын».

Бұл мәжілістің жай-жапсары бірінші кітаптың «Жер жегісі», екінші кітаптың «Заманының сұрқылтайы» атты тарауында және осы тараудың орта тұсында талданған болатын.

М.Әуезов (жалғасы): «Қазақ қызметкерлерінің мәжілісі 1921 жылы II кеңес құрылтайынан кейін өтті. Құрылтай өткен залға барлық қазақ коммунистері жиналды. Семейден сайланған өкілдердің тапсыруы бойынша Сәдуақасовты ақтап алу туралы мәселе қойдым. Семейге барған кезінде губернияны Қазақстанға қосу барысында жүргізген саясаты мен көрсеткен мінезі үшін ұлтшыл ретінде айып тағылды. Бірақ оның бұл ұлтшылдығы Семей губерниясындағы отаршылдық өктемдіктің жанында жай ғана көлеңке сияқты еді, қазақ тұрғындарымен ешқашан санасып жұмыс істелген жоқ. Жиналыста отаршылдықпен күрес туралы мәселені өз басым күн тәртібіне қойғамын жоқ. Байділдин өзін партияның жолына түскен адам ретінде көрсетуге тырысқаннан бастап барлық жерде мені өзінің сыни нысанасы етіп таңдап алды. Әсіресе баспасөз бетінде қатты белсенділік көрсетті. Өзінің сөздерінде шешендікке салып, тұрпайы марксизмді жамылып, жала жабуға көшті. Ол тіпті: «Қаракөз» пьесасына сыйлықты Сәдуақасовтың жең ұшынан жалғасуымен алды, – деп те жазды. Ал нағында сыйлық арнайы құрылған сынақ комиссияның шешімімен берілді. Мұны Байділдиннің өзі де жақсы біледі».

Смағұл Сәдуақасов Қазақстанның құрамына өтуден бас тартып, уақытты соза берген Семейдің губком мүшелерін тарқатып, төрағалық міндетті бір айдан астам уақыт бойы өзі атқарды, басқару жүйесі толықтай Қазақ Өлкесінің қарамағына көшкен соң орнына Мұхтар Әуезовті қойып өзі Орынборға қайтқан болатын. Мұны кешіре алмаған «коммунист колонизаторлар» (Смағұл Сәдуақасовтың сол мәжілісте қолданған саяси термині) құрылтай кезінде қатты сынға алып, орталықтан арнайы нұсқау келгенше барлық жұмыстан уақытша шеттетілген болатын.

Ә.Байділдин (жалғасы): «... Соңғы күдігімді мына жағдай, «Еңбекші қазақ» газетінің №1 санын шығарған кездегі оның іс-әрекеті дәлелдей түсті. «Еңбекші қазақ» газетінің №1 санында Қазақ Төңкерісінің 4 жылдығына арналған менің бас мақалам жарияланды. Ол мақаланы мен 10 күн бойы жаздым (Ол менің өмірімдегі жазған 1-мақалам еді), онда мен өзімнің сол кездегі көңіл-күйімді жеткіздім. Онда Ұлы Қазан Төңкерісінің ұлы маңызы, оның жеңістері, Қазақстан республикасының табыстары, Қазан Төңкерісінің төлі боп келетін Қазақстан Республикасы, оған қарсы күрескен алашордашылардың ақымақтығы, тағы да басқа жайлар туралы жазып едім. Мақаламның соңын: «Жасасын Ұлы Қазан Төңкерісі! Жасасын кеңес өкіметі! ҚССР жасасын!», – деген сөздермен аяқтаған едім.

Менің бұл мақалам сол кезде Орынборда тұратын алашордашылардың ренішін туғызды. Олар менен дәл осындай мақаланы күтпеген тәрізді. Ол аздай, менің бұл мақалам өзімнің коммунист жолдасым, жауапты қызметкер Әуезовтің де наразылығын тудырды. Газет шыққан күні ол мені шақырып алды да жеріме жете ұрысты. Ол менен: «Неге газеттің жауапты редакторына №1 санның материалдарын көрсетпедің, неге келіспедің, өзіңнің мақалаңды алдын-ала маған неге оқытпадың, бұл мақалада сен неге Қазан Төңкерісін жөн-жосықсыз даурыға «жасасындатқансың», «Алашорданы» жамандап нең бар еді», – деп ұрысты да, түсініктеме беруімді талап етті. Ол бұған қоса: «Бұл мақалада айтылғандардың бәрі де құр көкмылжың қызыл сөз. Егерде «Алашорданың» атына қатысты тағы да осындай пікір білдіретін болсаң, онда сені редакция алқасының мүшелігінен шығаруды талап етемін, не өзім кетемін, мұндай газетте жұмыс істей алмаймын», – деді.

Менің мақалам туралы Әуезовтен дәл осындай көзқарасты күткен жоқ едім. Керісінше, мені қолдайтын шығар, сөйтіп менің көңіліме қанат бітірер, өйткені бұл менің тұңғыш мақалам еді ғой, әрі анандай маңызды тақырыпқа арналып отыр – деп ойлағанмын. Алайда ол күткенім болмады, жоғарыда айтқанымдай, керісінше боп шықты. Сондықтан да мен шыдай алмадым да Әуезовпен ұрысып қалдым. Мені шамдандырғаны менің мақаламды жақтырмағаны емес, Қазан Төңкерісінің маңызы туралы жазғандарымды мазақтауы еді және оның ескі «Алашордашыл» көзқарасынан бас тартпағандығы, әрі «Алашорданың» көсемдерімен байланысын үзбегендігі жыныма тиді. Ол орнынан тұрды да өзін оңаша қалдыруды өтінді. Мен шығып кеттім.

Мен бұл оқиға туралы редакция алқасының мүшелері: А.Асылбековке, Алдоңғаровқа, Нұрмұхамедовке, сол кездегі обкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасарына (аты-жөнін ұмыттым, ұлты латыш болатын) айттым. Соңғы аталған адам бізді обкомға шақырып алды да, әңгімелескен соң, екеуіміздің де кінәлі екенімізді айтты. Маған:

«Газет материалын Әуезовпен келіспегенім үшін айыптысың», – деді. Бұл мәселе бізді бірден татуластырып кете қоймады. Біраз уақытқа дейін бір бірімізге қырын қарап жүрдік. Мен оның келісімінсіз-ақ №2 санды шығардым. Содан кейін біздің қарым-қатынасымыз қалпына келе бастады».

М.Әуезов (жалғасы): «Мен 1921 жылдың аяғында «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып тағайындалдым. Бірақ орнығып істегемін жоқ. Барлық жұмысты Байділдин жүргізді. Іс жүзіндегі редактор сол болды, қызметкерлерді де өзі жұмысқа алды. Газетте сондай сұрықсыз, әдеби тұрғыдан алғанда ешқандай сын көтермейтін дүмбілез мақалалар жарияланып жатты. Онымен ешқандай да принципті әңгіме болған жоқ, мен оған газеттің техникалық тұрғыдан нашарлап кеткенін, газетті өзінің ойы таяз, мән-мағынасыз шұбалаңқы мақалаларымен толтыра беретінін сынадым. Орнығып жұмыс істемегендіктен де өзімнің редакциядағы қызметтен кететінімді мәлімдедім».

Ә.Байділдин (жалғасы): «Тоқжігітов, Орымбаев, Ыдырыс Мұстамбаев, Мұхтар Әуезов және Аймауытов алашордашылардың нұсқауы бойынша коммунист болды. Ол кандидатуралар Семейде талқыланды. Ол туралы маған Нахимжанов айтты. Қазақтардың астыртын ұйымы қазір де жұмыс істейтін болуы керек, бірақ мен олармен 1923 жылдан бастап байланысымда үздім» – деп көрсетті».

(Жағасы бар)

Тұрсын Жұртбай, жазушы